

^{*1}Құдайбергенова Г.Қ.  ²Кокеева Д.М. 

^{1,2} ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹ gulbahyt2017@gmail.com, ² dariga.kokeyeva@kaznu.edu.kz

ПАРСЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ГРЕК ФИЛОСОФТАРЫНЫҢ СИПАТЫ

Аңдатпа. Ирандықтар мен гректер арасындағы мәдени байланыстар б.д.д. 500-шы жылда басталып, ХІ ғасырға дейін жалғасты. Осы уақыт аралығында екі елдің мәдени, ғылыми және интеллектуалдық жүйелері мен бағыттары бір-біріне әсер етті. Гректер иранның медициналық білімін пайдаланса, ирандықтар грек философиясын өздеріне сіңірді. Зерттеудің негізгі мақсаты – грек философы Диоген тұлғасының парсы әдебиетінде бейнелену ерекшеліктерін анықтап, грек мәдениетінің шығыс, соның ішінде иран әдебиетіне ықпалын көрсету. Мақалада парсы тілді көркем шығармалардағы Диоген туралы хикаяттар, рубаяттар, нақыл сөздер және олардың мазмұндық, стильдік қырлары талданады. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс, мәтіндік талдау, мәдениетаралық ықпалдастықты анықтау тәсілдері қолданылды. Грек және парсы дереккөздері арасындағы мазмұндық ұқсастықтар мен айырмашылықтар жүйелі түрде салыстырылды. Ғылыми жаңалығы ретінде зерттеу барысында Диогеннің парсы әдебиетінде дәстүрлі философ ретінде емес, «дәруіш», «шейх», «абед», «хәкім» бейнелерінде көрініс табуы алғаш рет кешенді түрде талданды. Сонымен бірге Ескендір (Александр Македонский) бейнесінің парсы деректерінде «мәлік», «патша» ұғымдарымен байланысы да назарға алынды. Зерттеу нәтижесінде грек философиялық ойының иран мәдениеті мен әдебиетіне бейімделу ерекшеліктері айқындалды. Диогенге қатысты грек хикаяттары парсы әдеби дәстүрінде жергілікті дүниетанымға сәйкес қайта өңделіп, ұлттық мазмұнға ие болғаны дәлелденді. Бұл мәдени трансформация Иран мен Грекия арасындағы өзара интеллектуалдық ықпалдастықтың тереңдігін көрсетеді.

Кілт сөздер: Иран әдебиеті, грек философиясы, Диоген, грек мәдениеті.

Кіріспе

Негізі, мәдени-рухани құндылықтары ортақ ұлттар көбінесе келісімдерге оңайырақ қол жеткізе алады, өйткені олардың бағыт-бағдарлары мен өзара түсініктері бір-біріне ұқсас болып келеді. Ал мәдени, рухани құндылықтары ортақ емес ұлттардың ой-пікірлері мен түсініктерін жақындастыру сол ұлттарға да, мемлекетке де тиімділігі аз саналғандықтан, оларға жете көңіл бөлінбейді. Бұндай жағдай көптеген ұлт мәдениетінде көрініс тауып жатады. Осыған орай мәдени-рухани құндылықтары жақын ұлттар арасындағы ортақ негіз бен түсіністікті жақындастырудың рөлі зор болмақ.

Иран әдебиеті тарихына үңілсек, аударма дәуірінің екі кезеңін көреміз. Аударма иран әдебиетіне жаңа серпін әкеліп, оның дамуына зор үлесін қосты. Иранның әдеби зерттеушілерінің айтуынша, алғашқы аударма дәуірі Александр Македонскийдің грек мәдениетін әлемге, соның ішінде Иранға тарату мақсатында жасаған жорығы кезеңінде бастау алған [Ильхани, 2016:12]. Ізінше бірқатар грек данышпандары мен ғалымдары шығыс елдеріне ағылып келіп жатты. Грек философиясы мен ғылымы жаулап алынған жерлерге тарап, жаңа идеялар пайда болып, ғылыми еңбектер жазыла бастады. Еуропа елдері де орта ғасырларда, әсіресе Ренессанс дәуірінде грек философиясының әсерінде болғанын жақсы білеміз. Сол кезеңдерде шығыс елдерінде дамыған діндер де бірте-бірте грек философиясының ықпалында болып, гректік-римдік реңкте дамыды. Бұл үрдіс иран өркениетін де айналып өтпеді. Сол кезеңнің ғылыми, философиялық еңбектерінің аударылуы иран мәдениетінің дамуына ықпал

етті.

Александр Македонскийдің Иранға келуімен көптеген гректің ғылыми шығармалары, әсересе Сократ, Платон, Аристотель және т.б. еңбектерін аудару үлесі зор болды. Әлемге таралған кейбір грек ғұламаларының өмірі мен іс-әрекеттері туралы хикаяттар парсы әдеби шығармаларынан да орын алды.

Иранда орта ғасырларда қолданыста болған орта парсы тілі (кейде пехлеви деп те атайды) жаңа парсы (дари) тіліне ауысқан кезеңде де аударма жалғасын тапты. Ескертетін жайт, ислам дінінің Иранда таралуымен орта парсы тілі қолданыстан шығып, оның орнын араб тілі басты. Иранда араб тілінің ықпалы туралы ирандық ғалым Зарринкуб былай дейді: «Арабтардың ирандықтарға қарсы шайқасында күтпеген кереметтей жеңісі басқа ұлттарды ойландырып, сабақ алуға итермелегені Жаратушының қалауы ма?! Кемде-кім ғайып құдіретке сенетін болса, оған ешқашан күмән келтірмейді. Алайда, қызығушылық танытқан зерттеуші әр нәрсенің себебін, дәлелін іздейді. Айтқанға сенбейді... Сасан билігі құлағаннан соң, Ислам дәуірінің басталуымен орта парсы тілі өзінің бай жазба әдебиетінің дамуына қарамастан араб тілінің таралуына тосқауыл бола алмады. Иран кеңестігінде «Азан» дауысы естілгеннен бастап пехлеви тілі үнсіз қалды. Бұл үнсіздіктің себебі – жаңа діннің қарапайымдылығы, әрі ұлылығы, яғни Құран сөздерінің ұлылығы. Құран аяттары жанында парсы сөз шеберлерінің үнсіз қалуы таң қаларлық құбылыс емес (Зарринкуб, 2020: 75).

Гректің философиялық шығармалары мен ғылыми еңбектері алдымен орта парсы тіліне, кейін ислам дәуірінде араб тіліне аударылған. Орта парсы тілінде жазылған көптеген әдеби, ғылыми шығармалар араб тіліне Ибн Моқаффа (724-459), Ноубахт Ахвази, Али бен Табари сияқты өз заманының атақты аудармашылары арқылы аударылды. Кейін араб тілінен қайтадан парсы тіліне көшірілген (Сафа, 2015: 108-110).

Аударма дәуірінің екінші кезеңі XIX ғасырда, яғни Қажар дәуірінде басталды. Иранда еуропа тілдерінде, әсіресе француз тілінде жазылған романдар, әңгімелерді аудару үрдісі алды. Осылайша, иран әдеби тарихының жаңа кезеңі басталды. Грек және еуропа әдебиетінен аударылған көптеген ғылыми, философиялық, әдеби мәтіндер иран әдебиетінің дамуына әсер етіп, иран халқы түрлі ұлттардың мәдениеті мен салт-дәстүрлерін өздеріне сіңірді. Жаңа мазмұнда жазылған көптеген әдеби шығармалар жарыққа шығып, басқа ұлттарға, әсіресе Орталық Азия халықтары арасына тарала бастады.

Аталған мақалада парсының классикалық шығармаларында грек мәдени элементтері зерттеліп, ирфандық-сопылық ұғымдарға әсері қарастырылады. Грек ойшылы Диоген және оның сипатын бейнелейтін хикаяттар иранның «Кашф эль-Маһджуб (Бүркемені ашу)», «Хадиғатуль-хақиқат (Ақиқат бағы)», «Иғбалнаме (Ескендірнама)», «Мантеғ-аттайер (Құстар мінәжаты)» және «Маснави-йе Манави (Жасырын мағына туралы өлең)» атты әдеби шығармаларында салыстырмалы түрде зерттеліп, қарастырылады.

Матералдар мен ғылыми-зерттеу әдіснамасы

Иран әдебиеті мен тарихында грек мәдениеті мен әдебиеті, ғылымы мен философиясының әсері туралы парсы тілінде жазылған зерттеу еңбектер бар. Атап айтсақ, «Ескендір және иран әдебиеті», «Ескендірдің діни тұлғасы» және т.б. Алайда, иранның бірқатар классикалық шығармаларына арқау болған грек ойшылдарының нақыл сөздері мен тәмсілдері салыстырмалы зерттеулер аз.

Жоғарыда аталған шығармаларды талдауда сипаттау, тарихи салыстырмалы әдістер басшылыққа алынады. Сондай-ақ, салыстырмалы әдебиет тұрғысынан мәтінаралық қатынастарды зерделей отырып, Диогеннің өмірі және ол туралы қызықты хикаяттарды, грек мәдениетінің иран әдебиетіне әсері, парсы акын-жазушылардың шығармаларына негіз болған басқа да грек ойшылдарына қатысты хикаяттарға хронологиялық шолу жасалады.

Талқылаулар

Ирандықтар да, гректер де ежелден өркениеті, мәдениеті мен әдебиеті дамыған елдер қатарында болса да, бір-бірімен таныстығы өкінішке орай, соғыспен басталды. Ескендірдің әлемге жасаған жорығы мен оның ерлігі көптеген зерттеушілердің, ақын-жазушылардың қызығушылығын тудырды. Ашканидтер тұсында грек тілі мен әдебиеті көптеп таралып, грек монеталары да шыға бастады. Одан басқа Ескендір жайында көптеген аңыз әңгімелер тарап кетті. Сол кездерде жазылған рауаяттар бойынша, Ескендірді Дарабтың (Дарий-I) ұлы деп, ал, шешесі Филипптің қызы деп білген. Филипп Дарабтан жеңіліс тапқаннан соң, қызын оған күйеуге берген мыс. Кейде тіпті оны Даруиштың өзі деп санағандар да бар (Саджади, 2015: 93-94). Қасиетті Құранда аты аталған Зұлқарнайынды Александр Македонский деп санау да белең алған еді. Жабайы қауымнан қорғану үшін тас қорғанды Александр салған деген де болжам бар. Бұл жайында Низами Гәнджавидің «Ескендір» шығармасында, сондай-ақ басқа да парсы ақындарының шығармаларында жазылған.

Ескендірдің Иранды жаулап алғаннан соң осы елге грек ойшылдары мен философтары, аудармашылары табан тіреп, сол заманның ғылыми, философиялық еңбектері мен әдеби шығармаларын бірге алып келді. Иран интелегенциясы біртіндеп Сократ, Гиппократ, Пифагор, Платон, Аристотельдердің еңбектерімен таныса бастады. Грек ойшылдарының өмірі мен іс-әрекеттері, ой-өрістері мен түйсігі, ішкі жан дүниесі туралы қиссалар парсы әдеби шығармаларында жетіп артылады. Сопылар мен арифтерге, дәруіштерге тән типтік сипаттар: ой мен ақыл, ой еркіндігі, адалдық, азаттық, тақуалылық және т.б. ақын шығармаларына арқау болды. Бір қызығы, Диогеннің тақуалығы (خم نشینی دیوژن) туралы әңгімелер парсы әдебиетінде Платон есімімен алмастырылған.

جز فلاطون خم نشین شراب سر حکمت به ما که گوید باز؟

Жолма-жол аударма: Тақуа (үй-күйі жоқ, саздан жасалған бөшке тұратын) Платоннан басқа даналықтың сырын бізге кім айтады? (Хафиз, 2013, 233.).

خم گر چه سال ها به فلاطون نشسته است دور از لبت نکرد علاج خمار من

Жолма-жол аударма: Көп жылдық шарапты татымайынша, оның дәмін сезбейсің.

Мағынасы: Хәкім Платонмен сөйлескеннен соң, оның даналығын білесің. (Кашани, 2012: 296.).

Сократтың философиялық мектебінің жарқын өкілі Антисфен ұстазының өмір сүру салтын жалғастырғанымен, кейде асыра сілтеп, «болмыстың соңын ізгілік» деп, ал «ізгілікті – өмірдің барлық материалдық рахаттарынан бас тарту» деп санады. Философияда бұл ағымды кинизм деп атайды. Кинизм деп аталу себебі – Антисфен Афинаның айналасында орналасқан Киносарг (мағынасы «ақ ит») деп аталатын төмпешіктер мен дөңдерде ізбасарларын дайындап, философиялық мектебінің негізін қалаған. Олар қанағатшылдыққа көп мән беріп, әлеуметтік өмір мен тұрмыстық қажеттіліктерге байланбай, кедейлікпен мақтанды. Олар неғұрлым табиғатпен үйлесімдікте өмір сүруге тырысты. Кейбір зерттеушілер кинизм ағымын ұстанушыларды «итше өмір сүрушілер» деп те атаған (Бабаи, 2014: 141).

Антисфеннен дәріс алып, кинизм ілімін бойына сіңірген Диоген де материалдық дүниеден бас тартып, саздан жасалған лашықта өмір сүрген. Тіпті лашық деуге де келмейді, бір адам бойы сиятын саздан жасалған бөшкеге ұқсайтын ыдыста (бак) бар өмірін өткізген. Зерттеушілердің айтуы бойынша, оның жалғыз су ішітен тостағаны болған екен. Бірде кішкентай баланың ағып жатқан өзеннен екі алақанымен су ішіп жатқанын көріп, тостағанын лақтырып жатып, осы дүниеде бұл да қажет емес, – депті (Форуғи, 2017: 42).

Диогеннің өмірі туралы көптеген қызықты әңгімелер алдымен ауызша тарап, исламнан кейін әдеби шығармаларға жол тартты. Көптеген ирандық ақындардың шығармаларына арқау болды. Диогеннің елден оқшаулануы, оның ұлылығы, ішкі жан дүниесі, өзін-өзі тануы, рухани құндылығы, ішкі түйсігі, қадір-қасиеті, ар-намысы, көзі мен жүрегі, кез-келген азапқа шыдамдылығы, қанағат, ой айқындылығы, тақуалығы ғасырлар бойы көптеген тілдерге

ауызша тарап, кейін әдеби-сопылық шығармалардың негізгі тақырыбына айналды. Диоген туралы кең тараған әңгіме – «тал түсте қолына шам алып, қала аралауы». Одан жарықта шам алып не іздеп жүргенін сұраған кезде, «адам» деп жауап бергені. Бұл тақырып көптеген ирандық ақындардың шығармаларында баяндалады.

Моулави «Диван-е Шамс» өлеңдер жинағында былай дейді:

دی شیخ با چراغ همی گشت گرد شهر کز دیو و دد ملولم و انسانم آرزوست
(Моулави, 2015, 255.) گفت آنکه یافت می نشود، آنم آرزوست گفتند یافت می نشود جسته ایم ما

Жолма-жол аударма: кеше шейх (nir) шаммен қала аралап: «шайтани және жыртықшы аң сипатына енген екіжүзді, зұлым адамдардан шаршадым, асыл жанды іздеп жүрмін», – деді. Біз де іздеп шаршадық, бірақ таба алмайсың деген жауапқа, «мен сол табылмайтынды қалаймын», – депті.

Мағынасы: Ақын «кемшін сипаттардан пәк, жоғары, ілімі шексіз, мәңгі құдірет иесі – Жаратушыны суреттейді. Құдіретті күш иесі өзі жаратқан мақлұқтар көзінен жасырылған, оны тек көкірегі ояу, жүрек көзі ашылған адамдар ғана көре және сезіне алады.

Кейбір ирандық зерттеушілердің айтуы бойынша, аталған хикаят иранның орта ғасыр әдебиетінен алынған және иранның төл шығармасы болып табылады, ол туралы Хағани (парсы тілді әзірбайжандық ақын) өз рубайында Балх қаласында күн жарықта қолына шам ұстап, танысын іздеп жүрген адам жайында жазғандығын алға тартады:

مسکین دلم از خلق و وفايي می جست گمره شده بود، راهنمایی می جست
برکرد چراغ و آشنایی می جست کاننده آن کرد ختایی که به بلخ

Аудармасы: Балх қаласында бір адам шам алып, танысын іздеп, былай дейді: «менің міскін жаным адалдықтан адасып кетті, ол жол сілтеуші басшыны іздейді». (Хағани, 2016: 705.).

Дей тұрғанмен, Хағанидің рубайынан біз Диогеннің өмір салтын, дүниетанымы мен іс-әрекеттерін оңай болжай аламыз.

Диоген жайында тағы бір танымал хикаяттың бірі – «философ пен Ескендірдің кездесуі». «Ескендір бірде құлайын деп тұрған ескі лашықта отырған Диогенді көріп, оған қалағаныңды сұра, – дейді, сонда философ ендеше мына ұшып жүрген масаларға айт, менен аулық жүрсін, – депті. Ескендір сасып қалып, масаларға қалай үкімім жүреді, – дейді. Сонда Диоген бір масаға үкімді жүргізе алмасаң, қалайша дүниені басқармақсың», – деп жауап қатқан. Ал, кейбір нұсқаларда Ескендірдің сұрағына Диоген «Күн нұрын көлеңкелемей ары тұр», – деген екен.

Аталған екі тақырып парсы ақындар мен жазушылар шығармаларына негіз болды. Сондықтан мақалада Диоген және басқа да грек ойшылдарына қатысты хикаяттарды тарихи тәртіппен зерттей отырып, қарастырылады. Түрлі ұлттар арасында ғасырлар бойы әдеби-мәдени айналымда болған көптеген грек хикаяттары иран халықтары арасына да сіңісіп, ұлттық әдеби жәдігерлерге айналғанын атап өткен жөн.

Зерттеу нәтижелері

Кашф аль-Маһджуб (Бүркемені ашу) шығармасының авторы – Әбілхасан Әли бен Осман Әл-Джалали Худжвири (1009-1077). Худжвиридің айтуынша, оның қаламынан шыққан көптеген шығармалары болған. Алайда, біразын кейбірі өзіне иеленіп алса, ал кейбірнің нұсқалары жоғалып кеткенке ұсқайды. Оның бізге жеткен жалғыз кітабы – Кашф-оль-Маһджуб. Бұл кітапта сопылық тариғат, оның сатылары, масхаб, олардың түрлері мен құпиялары, жаратушының рақымы мен мейірімі, ақыл, нәпсі, сопының мақсатына жету жолында кездесетін көптеген бөгеттер, құпия сырларды ашу туралы жазылған.

Диогеннің өмірі мен оның айтқан нақыл сөздері иран әдебиетіне қай дәуірлерде келгенін дөп басып айту қиын. Дей тұрғанмен, тарихи деректер тәртібі бойынша қарастартын болсақ, Диоген туралы жазылған алғашқы дерек Кашф әл-Маһджуб шығармасында баяндалған. Тақуалық өмір салтымен атағы шыққан Диоген туралы хикаяттар сопылық шығармаларда көбірек кездесетінін жоғарыда айтып өттік. Худжвири Диогенді «дәруіш», ал Ескендірді «мәлік» деп өзгерткен. Осы кішігірім өзгеріспен Худжвири өз оқырмандар санасын грек мәдениетіне деген ықылас пен ұмтылыстарынан алыстатып, оларды ирандық-исламдық мәдениетін сіңіруге шақырған іспеттес.

همی آید که درویشی را با ملکی کلاقات افتاد. ملک گفت: از من حاجتی بخواه. درویش گفت: من از بنده بندگان خود حاجتی نخواهم. ملک گفت: این چگونه است؟! درویش گفت: مرا دو بنده اند که هر دو خداوندان تو اند: یکی حرص و دیگری امل.

«Бір күні патша дәруішті көреді. Одан бұйымтайыңды айт, – дейді. Дәруіш мен пенделерден ешнәрсе сұрамаймын, – деп жауап береді. Патша абдырып, бұл қалай болғаны дейді. Сонда дәруіш «мендегі екі пенде сенің құдайың: бірі ашкөздік, екіншісі қанағатсыздық», – депті. (Худжвири, 2014: 31).

Хадигатуль-хақиқат (Ақиқат бағы). Шығарманың авторы Санаи (1080-1131). Санаидің «Ақиқат бағы – Хадигатуль-хағиге» шығармасы өзінен кейінгі ирфандық ақындарға үлгі болып, олардың еліктеуіне жол ашты. Санаидің поэзиялық шығармаларынан (көбінесе қасида мен маснавиінде) Диоген туралы көптеген мысалдарды кездестіреміз. Ирфандық ілімді терең меңгерген Санаи Диогенді сопыларға тән сипатта баяндап, «ашкөзділік пен дүниеқоңыздылық», «тақуалық пен ұстамдылық», «нысапсыздық пен құмарлықты жену» сияқты көптеген терминдерді өз шығармаларына арқау етті. Атап айтатын болсақ, 185-ші қасидада «сұлтан» мен «пенделердің пендесі» деген атаулар Диоген мен Ескендір туралы атақты аңызды еріксіз ойға түсіреді. Санаидің тәсілдер мен хикаяттарды шығармаларында сәтті қолдануы өзінен кейінгі ақындарға, әсіресе Моулавиге де әсер етіп, ақынның атақты Маснавиінде көрініс тапты.

چند گویی گرد سلطان گرد تا مقبل شوی حرص و شهوت خواجگان را شاه و ما را بنده اند پس تو گویی این گره چاکری کن چون کنند کیست سلطان؟ آنکه هست اندر نفاذ حکم او	رو تو و اقبال سلطان ما و دین و مدبری بنگر اندر ما و ایشان گرت ناید باوری بندگان بندگان را پادشاهان چاکری خنجر آهنگانش بحری ناوک اندازان بری (Санаи, 2014: 660)
---	--

Ескендір мен Диогеннің кездесуі туралы көп жазылған хикаят Санаидің «Ақиқат бағы – (التمثل فی القناعة و ترک الحاجة)» шығармасының 9-шы бөлімінде «حديقة الحقيقة» кездестіреміз. Хикаят мазмұны мен ондағы кейіпкерлерді баяндауда біраз өзгерістер бар екендігін байқаймыз. Алайда, хикаятқа өзгерістерді Санаидің өзі қосқанын, немесе сол дәуірлерде осы мазмұнда жазылғаны туралы нақты дерек жоқ. Санаидің нұсқасында Диогеннің орнына Сократ есімі аталған. Сократтың тақуалығы, Жаратушының құдіреті мен адамның әлсіздігі (тіпті ол әлемді жаулап алған сұлтан болса да) баяндалады:

بود بقرطرا خُمی مسکن روزی از اتفاق سرما یافت پادشاه زمان برو بگذشت شد بر او فراز و گفت ای تن هر سه حالی روا کنم تو بخواه	بودش آن خُم به جای پیراهن از سوی خم به سوی دشت شتافت دیدش او را چنان برهنه به دشت کر بخواهی سبک سه حاجه ز من که منم بر زمانه شاهنشاه
--	--

گفت بقراط حاجت اول	عمام هست يك به يك به خلل
گنهم محو كن بيمارزم	کز گرانی چو كوه البرزم
گفت ويحك خدای بتواند	مزد بدهد گناه بستاند
گفت برگوی حاجت دومين	كه منم پادشاه روی زمین
گفت پيرم مرا جوان گردان	عجز و ضعف از نهاد من بستان
گفت اين از خدای باید خواست	از من اين خواستن نياید راست
زود پيش آر حاجت سومين	از من اين آرزو مخواه چنين
گفت روزی من فزون گردان	جانم از چنگ مرگ باز رهان
گفت اين نیز کرد نتوانم	ملکم بر جهان نه یزدانم
گفت برتر شو از بر خورشيد	كه رطب خيره بار نارد بيد
حاجت از کردگار خواهم من	وز تو حالی بدو پناهم من
تو چو من عاجزی و مجبوری	وز بزرگی و برتری دوری
برتری مر خدای را زیباست	كه به ملکت همیشه بی همناست
يارب ای سیدی به حق رسول	دور گردان دل مرا ز فضول
ای خداوند فرد بی همنا	جسم را همچو اسم بخش سنا

(Санаи, 2014:689-690).

Икбалнаме. Низами Гәнджавидің Ескендірнамесі «Шарафнаме» және «Иқбалнаме» деп аталатын екі бөлімнен тұрады. Ескендірнаме түрлі мәдениет, салт-дәстүр мен ережелерді қамтыған маңызы зор шығарма. Низами «Иқбалнаме» шығармасында көбінесе хәкімдер пен данышпандардың хикметке толы сөздерін, атап айтсақ, Ескендірдің Сократ пен Аристотель арасында болған әңгімелерін баяндаған. Низами Ескендірді қолбасшы-философ, пайғамбар ретінде суреттейді. Сөйтіп, діндар топтар мен билік арасында байланыс жасау ниетте ғылым мен даналық сөздер, Ескендір мен ұлы данышпандар арасындағы мәжіліс және олардың өмірі туралы жырлайды. Иқбалнамеден біз Низамидің грек даналығымен таныс болғанын анық көреміз. Низами «Ағані ساختن افلاطون بر مالش ارسطو» бөлімінде лашықта күн кешу салтымен қоса, «ارغنون» деп аталатын үрмелі клавишті музыкалық аспапты алғаш шығарушы ретінде Платонды атап, оны музыка ғылымының білгірі деп атайды:

فلاطون بر آشفت از انجمن	كه استادى او داشت در جمله فن
چو هر دانشى كانك اندوختند	نخستين ورق زو در آموختند
برون رفت و روى از جهان دركشيد	چو عنقا شد از بزم شه ناپديد
شب و روز از اندیشه چندان نخفت	كاغانى برون آورد از نهفت
به خم درشد از خلق پى كرد گم	... نشان جست از آواز اين هفت خم
پى چرخ و دنبال انجم گرفت چو صاحب رصداى در خم گرفت	ر آهنگ آن ناله كانجا شنيد
نمودارى آورد اينجا پديد ...	پس آنكه بر آن رسم و هيات كه خواست
يكى هيكل از ارغنون كرد راست	(Низами, 2016: 439)

Сондай-ақ, Иқбалнаменің келесі «احوال سقراط با اسکندر» атты бөлімінде Сократ пен Ескендірдің арасында болған әңгімені келесідей баяндайды:

فيلسوف چنين گويد آن كاردان	كه بر كار آفاق بودش وقوف
كه يونان نشينان آن روزگار	سوى زهد بودند آموزگار
ز دنيا نجستندى آسايشى	نيرزيشان شهوت آلايشى
نكردندى الا رياضتگرى	به بسيار دانى و اندكخورى

Мағынасы: Философ (Сократ) әлем туралы өз толғануында гректер ертеден тақуалық ілімді ұстанғанын, осы дүниеде тыныштық таппай, құны жоқ құмарлыққа берілмей, қиыншылық кешіп, көп біліп, аз тамақтану туралы айтады.

Ескендір хәкімнің (Сократтың) атағын естіген соң, оны іздеп жолға шығады.

Хакімді танитындар оның бір үңгірде/ бір бұрышта отырғаны туралы хабарлайды.

ز بی توشه‌ای ساخته توشه‌ای
آن گنج را دید در گوشه‌ای شد
برأسوده از تابش آفتاب
ز شغل جهان گشت مشغول خواب

Мантег-аттайер (Құстар мінәжаты). Аттар Нишапури (1145-1221) мистик ақындардың ең жарқын өкілдерінің бірі болып саналады. Оның өлеңдерін бір рет оқып, түсіну мүмкін емес, қайталап оқыған сайын, ақынның шеберлігін байқауға болады. Аттардың қарапайым тілі мен әсерлі сөздері ғашықтық сезімдерімен сабақтасып жатыр. Оның ойынша, сопылық ілім қараңғыда жол көрсететін жарық шам іспеттес, мақсаттарына жету үшін бағыт-бағдар береді. Ирфандық мағынасындағы Аттардың ғазалдарынан ақынның тіл шеберлігін көре аламыз. Оның дәрежесіне тек Санаидан басқа ешбір ақын жете алған жоқ. Ғазал жанрында Аттарды жаңашыл деп есептеуге болады. Ақынның шығармалары парсы сопылық поэзиясының жарқын үлгісі ретінде әлемдік әдебиетте орын алды. Аттар философияға аса қызықпаған. Алайда оның ойлары мен пайымдаулары философиямен сабақтасып жатқандығын байқаймыз. Аттардың маснавиі көптеген қисса-дастандардан тұрады. Осы арқылы, ақын тасавуф ілімінің мағыналарды ашып, баяндайды. Шығармалардың кейіпкерлері түрлі сатыдағы адамдар: патша, уәзір, баскесер, қаныпез, шейх, сопы, қолөнерші, қайыршы, құл және т.б. Осы тұрғыдан, Аттар шығармаларынан әлеуметтік түрлі таптардың жағдайлары туралы ақпарат алуға болады. Аттар да шығармаларында Ескендір мен Диогеннің кездесуі туралы хикаятты жырлаған. Ақын Диогенді «жұпыны киінген пір» деп, ал Ескендірді «патша» деп атаған:

ژنده‌ای پوشید، می‌شد پیر راه	ناگهان او را دید آن پادشاه
گفت من به یا تو، هان ای ژنده پوش	پیر گفت ای بی‌خبر، تن زن خموش
گرچه ما را خود ستودن راه نیست	کانک او خود را ستود آگاه نیست
لیک چون شد واجب، چون من یکی	به ز چون تو صد هزاران، بی‌شکی
زانک جانت روی دین نشناختست	نفس تو از تو خری بر ساختست
وانگهی بر تو نشسته‌ای امیر	تو شده در زیر بار او اسیر
بر سرت افسار کرده روز و شب	تو به امر او افتاده در طلب
هرچ فرماید ترا، ای هیچ‌کس	کام و ناکام آن توانی کرد و بس
لیک چون من سر دین بشناختم	نفس سگ را هم خر خود ساختم
چون خرم شد نفس، بنشستم برو	نفس سگ بر تست، من هستم برو
چون خر من بر تو می‌گردد سوار	(Аттар, 2013:33) چون منی بهتر ز چون تو صد هزار

Маснави Манави. Джалал-ад-Дин Румиді (1207-1273) әлемге танытқан оның «Маснави-йе Манави» шығармасы. Кейінгі ақындар бұл шығарманы көркемдік дәрежесі жоғары туынды деп бағалап, тіпті оны қасиетті кітап ретінде санайды. Себебі, шығармада Құран Кәрім аяттары мен пайғамбар (с.ғ.ғ.) хадистері көптеп кездеседі. Маснави ирфандық мағынада жазылған шығармалардың ішіндегі ең ауқымдысы және әдебиетшілер, шығыстанушылар, ирантанушылар тарапынан мұқият зерттелген, көптеген тілдерге аударылған туынды. Поэмада келтірілген мысалдар автордың білгірлігін, ой-өрісінің ұшқырлығын көрсетеді. Ирандық әдеби зерттеушілердің айтуынша, ирфандық-сопылық поэзия Санаимен қаланып, Аттармен астарлы мағыналарымен толысып, Моулавимен кемеліне жеткен.

Моулави «Маснави» шығармасында кез-келген тақырыпты баяндауда бірнеше эпизоттарды қатар келтіреді. Маснавидегі «құмарлық пен көрсеқызарлықты жеңу» тақырыбында жазылған тұстарын зерттей келе, Диогеннің нақыл сөздерін байқауға болады. Мысалы, Маснавидің 2-ші дәптерінде (кітап) «Хәкім Лоғманды тексеру және хәкімнің ақылдылығы» атты дастанда Диогенді «шейх», ал Ескендірді «шах» деп алған.

نی که لقمان را که بنده پاک بود
خواجهاش می داشتی در کار پیش
زانکه لقمان گرچه بنده زاد بود
گفت شاهی شیخ را اندر سخن
گفت ای شه شرم ناید مر ترا
من دو بنده دارم و ایشان حقیر
گفت شه آن دو چه اند این زلفتست
شاه آن دان کو ز شاهی فارغست
مخزن آن دارد که مخزن ذات اوست
خواجه لقمان بظاهر خواجهاش
در جهان بازگونه زین بسیست

روز و شب در بندگی چالاک بود
بهرترش دیدی ز فرزندان خویش
خواجه بود و از هوا آزاد بود
چیزی از بخشش ز من درخواست کن
که چنین گویی مرا زین برتر آ
و آن دو بر تو حاکمانند و امیر
گفت آن یک خشم و دیگر شهوتست
بی مه و خورشید نورش باز غست
هستی او دارد که با هستی عدوست
در حقیقت بنده لقمان خواجهاش
در نظرشان گوهری کم از خسیست
(Моулави, 2015: 246)

«Күн жарықта қолына шам алып адам іздеу» дастаны Моулави «Диван-е Шамс» шығармасында баяндалған. Ол туралы жоғарыда айтып өттік. Ал, Маснави-йе Манави шығармасының 5-ші дәптерінде Моулави ақиқатты тануда «Хақтың үкімін тәпсірлеп, әр шындықтың артында «Хақтың құдіреті» жатқандығын баяндайды. Тек көкірек көзі ашық адам ғана шындықтың байыбына барып, одан керегін алады:

آن یکی با شمع می گشت روز
بوالفضولی گفت او را کای فلان
هین چه می گردی تو جریان با چراغ
گفت می جویم به هر سو آدمی
هست مردی گفت این بازار پر
گفت خواهم مرد بر جاده دو ره
گرد بازار دلش پر عشق و سوز
هین چه می جویی به سوی هر دکان
در میان روز روشن چیست لاغ
که بود حی از حیات آن دمی
مرد مانند آخر ای دانای حر
در ره خشم و به هنگام شره...
گفت نادر چیز می جویی ولیم
(Моулави, 2015:891).

Қорытынды

Мәдени ой-пікірлері ортақ ұлттар мен этностар арасында мәдени, әдеби ұғымдар мен терминдердің, салт-дәстүрлері мен ырымдарының айналымға түсуі, бір-біріне әсері, бір-бірін толықтыруы үйреншікті жағдайға айналды. Осы кезең туралы біздің қолымызға жеткен деректер бойынша, әдет-ғұрып, мәдениет тұрғысынан ирандықтар мен грек (македониялықтар) арасында көп айырмашылық болмаған. Екі ұлт та жақсы соғыса алатын, аңға шығуды ұнататын және ойын-сауықты жақсы көретін деп баяндалған.

Эллинизм дәуірінің дамуымен рационалдық ілім мен дүниетанымдық ағымдар гректік, ал гректің интеллектуалдық және философиялық ағымдары шығыстық діни-сопылық реңкті қабылдады. Ирандықтар территориясы мен ықпал ету аясын (экспанция) кеңейту кезеңінде грек ойшылдары мен ғалымдарына көңіл бөліп, олардың ғылыми шығармаларына, атап айтсақ Платон, Аристотель, Пифагор және т.б. ойшылдарының ғылыми еңбектеріне қызығушылығын танытты. Иранның шығыс пен батыс арасын мәдени байланысты жақындастыруда да рөлі зор болды деп айтуға болады. Қолданыс аясын кеңейткен парсы тілі де Орталық Азия аймағына ислам дінін тарату мен парсы әдеби жәдігерлерін таныстыруда белсенді болды. Аталған мақалада гректің мәдени элементтері салыстырмалы түрде зерттеліп, ирфандық-сопылық ұғымдардағы әсері, сонымен қатар Диоген және оның сипатын бейнелейтін хикаяттар иранның төрт классикалық ақындарының әдеби шығармаларында салыстырмалы түрде зерттеліп, қарастырылды. Исламнан бұрын ауызша таралған хикаяттар мен аңыз әңгімелер исламнан кейін шығыс елдері, әсіресе иран халықтары арасында танымалдығы артып, ақын-жазушылардың шығармаларынан көріне бастады. Сондай-ақ, парсы тілді ақын-жазушылардың шығармаларында кездескен грек хикаяттардың көбісі мағына жағынан

өзгерістерге түсіп, кейіннен иранның төл жәдігеріне айналғанын байқаймыз. Бұндай құбылыстың болуы көптеген ұлттар әдебиеті мен мәдениетінде көрініс тауып жатады.

Әдебиет:

- ایلخانی، ۱۳۹۵ - ایلخانی، م.، تاریخ فلسفه در قرون وسطی و رنسانس. تهران: انتشارات سمت، ۱۳۹۵، ص. ۱۲.
- زرین کوب، ۱۳۹۹ - زرین کوب، ح.، دو قرن سکوت. تهران: انتشارات امیرکبیر، ۱۳۹۴، ص. ۷۵.
- صفا، ۱۳۹۲ - صفا، ذ.، تاریخ ادبیات در ایران. تهران: انتشارات عمومی، ۱۳۹۲، ج. ۱، صص. ۱۱۰-۱۰۸.
- سجادی، ۱۳۹۴ - سجادی، م.، تاریخ ادبیات فارسی. ۱۳۹۴، صص. ۹۴-۹۳.
- حافظ شیرازی، ۱۳۹۲ - حافظ شیرازی، م.، گزیده اشعار. مقدمه و شرح: محمد قزوینی. تهران: انتشارات اساطیر، ۱۳۹۲، ص. ۲۳۳.
- کاشانی، ۱۳۹۴ - کاشانی، ا.، مجموعه اشعار. به تصحیح بیژن ترقی. تهران: انتشارات خیام، ۱۳۹۴، ص. ۲۹۶.
- بابایی، ۱۳۹۳ - بابایی، پ.، مکاتب فلسفی از دوران باستان تا امروز. تهران: انتشارات نگاه، ۱۳۹۳، ص. ۱۴۱.
- فروغی، ۱۳۹۶ - فروغی، م.، سر حکمت در اروپا. تهران: انتشارات زوار، ۱۳۹۶، ص. ۴۲.
- مولوی، ۱۳۹۴ - مولوی، ج.، مثنوی معنوی. دفترهای ۱-۶. مقدمه: بدیع الزمان فروزانفر. تهران: انتشارات امیرکبیر، ۱۳۹۴، صص. ۲۲۶، ۲۵۵، ۸۹۱.
- حگانی، ۱۳۹۵ - حقانی، ش.، مجموعه اشعار. به تصحیح ضیاءالدین سجادی. تهران: انتشارات زوار، ۱۳۹۵، ص. ۷۰۵.
- هجویری، ۱۳۹۳ - هجویری، ع.ع.، کشف المحجوب. به تصحیح محمود عابدی. تهران: انتشارات سروش، ۱۳۹۳، ص. ۳۱.
- سنایی، ۱۳۹۳ - سنایی، م.، حقیقة الحقیقه و طریقه الشریعة. به تصحیح محمدتقی مدرس رضوی. تهران: انتشارات دانشگاه تهران، ۱۳۹۳، صص. ۶۶۰، ۶۸۹، ۶۹۰.
- نظامی، ۱۳۸۹ - نظامی گنجوی، *اقبال نامه*، به تصحیح و حواشی حسن وحید دستگردی. تهران: انتشارات زوار، ۱۳۸۹، ص ۴۳۹.
- عطار، ۱۳۹۳ - عطار، ن.ف.، منطق الطیر. مقدمه و تصحیح: محمدرضا شفیعی کدکنی. تهران: انتشارات سخن، ۱۳۹۲، ص. ۳۳۱.

References:

- Attar N.F. Manteg at-tayer. Foreword written and edited by Mohammad Reza Shafi Kadkani. Tehran: Sohan Publishing House, 2013. – 331 p.
- Babai P. Philosophical schools: from ancient times to the present day. Tehran: Negah Publishing House, 2014. – 141 p.
- Forugi M. The secret of wisdom in Europe. Tehran: Zavvar Publishing House, 2017. – 42 p.
- Hafiz Shirazi M. A collection of selected poems. Foreword and commentary, edited by Mohammad Ghazvini. Tehran: Asatir Publishing House, 2013. – 233 p.
- Hagani Sh. Collection of poems. Edited by Zia-ad-Din Sajjadi. Tehran: Zavvar Publishing House, 2016. – 705 p.
- Ilkhani M. History of philosophy in the Middle Ages and the Renaissance. Tehran: Semmat Publishing House, 2016. – 12p.
- Kashani A. Collection of poems. Edited by Bizhan Taragi. Tehran: Khayyam Publishing House, 2015. – 296 p.
- Khujwiri A.U. Kashf-ol-mahjub. Edited by Mahmoud Abedi. Tehran: Soroush Publishing House, 2014. – 31p.
- Moulawi J. Masnavi-in manavi. Notebooks 1-6. Foreword by Badi az-Zaman Foruzanfar. Tehran: Amir Kabir Publishing House, 2015. – 891pp.
- Nizami Ganjavi. Iqbalnameh by Comments and Corrections of Hassan Vahid Dastgerdi, Tehran: Zavar Publication, 2010. – 439 p.
- Safa Z. History of Persian literature. Tehran: Public , 2013, 1-V/108. – 110 pp.
- Sajjadi M. History of Persian literature. 2015. 93-94pp.

Sanai M. Hadigatul Haqiqat and Tarihat ash-Sharia. Edited by Mohammad Taghi Modarres Razavi. Tehran: Tehran University Press, 2014. – 690 p.

Zarrinkub H. Two centuries of silence. Tehran: Amir Kabir Publishing 2015. – 75 p.

¹Кудайбергенова Г.К. ²Кокеева Д.М.

^{1,2} Қазақстанның национальнй университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан

E-mail: gulbahyt2017@gmail.com, ²dariga.kokeyeva@kaznu.edu.kz

ОБРАЗ ГРЕЧЕСКИХ ФИЛОСОФОВ В ПЕРСИДСКИХ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ

Аннотация. Культурные связи между иранцами и греками начались в V веке до н. э. и продолжались до XI века. В этот период культурные, научные и интеллектуальные системы и направления обеих стран оказывали взаимное влияние друг на друга. Греки использовали медицинские знания Ирана, а иранцы восприняли греческую философию. Основная цель исследования — выявить особенности изображения личности греческого философа Диогена в персидской литературе и показать влияние греческой культуры на Восток, в частности, на иранскую литературу. В статье анализируются рассказы, рубаи, афоризмы о Диогене в персоязычных художественных произведениях, а также их содержательные и стилистические аспекты. Методы исследования — сравнительно-исторический метод, текстовый анализ, а также методы выявления межкультурного взаимодействия. Систематически сопоставлены содержательные сходства и различия между греческими и персидскими источниками. Научная новизна — впервые проведен комплексный анализ образа Диогена в персидской литературе, где он представлен не как традиционный философ, а как «дервиш», «шейх», «абед», «хаким». Также рассмотрен образ Искендера (Александра Македонского) в персидских источниках, связанный с понятиями «мелик», «падишах». Результаты исследования показали особенности адаптации греческой философской мысли в иранской культуре и литературе. Доказано, что греческие рассказы о Диогене были переработаны в соответствии с местным мировоззрением и приобрели национальное содержание. Эта культурная трансформация отражает глубину взаимного интеллектуального взаимодействия между Ираном и Грецией.

Ключевые слова: Иранская литература, греческая философия, Диоген, греческая культура.

¹Kudaibergenova G.K. ²Kokeyeva D.M.

^{1,2} Al-Farabi University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: gulbahyt2017@gmail.com, ²dariga.kokeyeva@kaznu.edu.kz

THE PORTRAYAL OF GREEK PHILOSOPHERS IN PERSIAN LITERARY WORKS

Abstract. Cultural relations between Iranians and Greeks began in the 5th century BC and continued until the 11th century. During this period, the cultural, scientific, and intellectual systems and directions of both nations influenced each other. The Greeks adopted Iranian medical knowledge, while the Iranians absorbed Greek philosophy. The main objective of this study is to identify the features of the portrayal of the Greek philosopher Diogenes in Persian literature and to demonstrate the influence of Greek culture on the East, particularly on Iranian literature. The article analyzes stories, rubaiyat, and aphorisms about Diogenes in Persian literary works, focusing on their thematic and stylistic aspects. The research methods include the comparative-historical method, textual analysis, and approaches to identifying intercultural interactions. Content similarities and differences between Greek and Persian sources were systematically compared. Scientific novelty lies in the fact

that, for the first time, a comprehensive analysis of Diogenes' image in Persian literature has been carried out, revealing that he appears not as a traditional philosopher, but as a “dervish,” “sheikh,” “abed,” or “hakim.” The image of Iskandar (Alexander the Great) in Persian sources, associated with the concepts of “malik” and “king,” is also examined. The research results reveal the peculiarities of adapting Greek philosophical thought into Iranian culture and literature. It is demonstrated that Greek narratives about Diogenes were reinterpreted in accordance with local worldviews and acquired national content. This cultural transformation reflects the depth of mutual intellectual interaction between Iran and Greece.

Keywords: Persian literature, Greek philosophy, Diogenes, Greek culture.

Автор туралы мәлімет:

Құдайбергенова Гүлбакыт Қализатқызы, PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Көкеева Дариға Молдағалиқызы, философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті доценті, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Кудайбергенова Гулбакыт Кализатовна, PhD, ст.преподаватель КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Кокеева Дариға Молдағалиевна, кандидат философских наук, доцент КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about the authors:

Kudaibergenova Gulbahyt Kalizat, PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Kokeyeva Dariga Moldagalikizi, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.